

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының көктемгі семестрі
Жалпы білім беретін пәндер циклы / ТК
АБАЙ ІЛІМІ

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны		Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)	
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
99535 Абай ілімі	5	1.7	3.3	0	5	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Офлайн	ЖББ ТК	Проблемалық	Семинар, шығармашылық жұмыс	Емтихан/офлайн/эссе		
Дәріскер (лер)	Л.Ж. Мұсалы, ф.ғ.к., доцент, профессор м.а.					
e-mail:	mj_laila@mail.ru					
Телефоны:	+7 707 521 53 83					
Ассистент (тер)	Л.Ж. Мұсалы, ф.ғ.к., доцент, профессор м.а.					
e-mail:	mj_laila@mail.ru					
Телефоны:	+7 707 521 53 83					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Болашақ мамандардың кәсіби білімін, түсінігін, қабілетін Абай іліміне сай елдің ынтымағы мен бірлігін нығайту, қоғамның интеллектуалдық әлеуетін (потенциалын) арттыру мақсатында қолдану құзіреттілігін қалыптастыру.	1. Білім алушы Абай шығармаларындағы негізгі философиялық идеялар мен концепцияларды мысалы, мораль, этика, әлеуметтік өзгерістер және тұлғалық даму сияқты тақырыптарды түсіндіріп бере алатын болады. Білім алушы Абай дәуіріндегі мәселелерді және оның идеялары қазіргі заман контекстінде қалай өзекті болып қалғанын талдай алатын болады.			<i>Біледі:</i> Білім алушы Абайдың негізгі философиялық ой-пікірлерін, оның ішінде адамгершілік, әдептілік, әлеуметтік өзгерістер және тұлғалық даму туралы көзқарастарын біледі және олардың мазмұны мен мағынасын түсіндіре алады.		
				<i>Істей алады:</i> Білім алушы Абай дәуіріндегі мәселелерді және оның ой-пікірлерінің қазіргі қоғамдық-мәдени мәселелермен байланысын анықтай отырып, оның шығармаларын талдап, түсіндіре алады.		
				<i>Менгереді:</i> Білім алушы Абайдың философиялық концепцияларына және олардың өзектілігіне сыни тұрғыдан талдау жасай отырып, осы білімдерін пайдалана отырып, оның идеяларының қазіргі қоғамға әсері туралы негізді дәлелдер жасай білу дағдыларына ие.		
	2. Білім алушы Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін интерпретациялап, шығармаларындағы негізгі тақырыптарды анықтап талдай алатын болады. Сонымен қатар білім алушы Абай шығармаларының көркемдік ерекшеліктері мен мәдени маңызын сыни тұрғыдан бағалай алатын болады.			<i>Біледі:</i> Білім алушы Абай өлеңдері мен қара сөздерінің негізгі тақырыптарын, идеясын біледі.		
				<i>Істей алады:</i> Білім алушы Абай өлеңдері мен қара сөздерінің мазмұнын, идеясын, тақырыбын түсіндіре және талдай алады.		
				<i>Менгереді:</i> Білім алушы Абай шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін және олардың мәдени маңызын сыни талдау дағдыларын меңгеріп, Абай шығармашылығының қазақ мәдениеті мен жалпы әдебиетке әсері туралы негізделген бағалаулар мен дәлелді қорытындыларды тұжырымдай алады.		
				<i>Біледі:</i>		

	3. Білім алушы Абайдың заманының тарихи және мәдени контекстін сипаттап, оның қазақ мәдениеті мен қоғамына әсерін анықтай алатын болады. Абайдың ілімін сол кезеңдегі басқа философиялық және әдеби ағымдармен салыстыра және салғастыра алатын болады.	Білім алушы Абай дәуірінің тарихи және мәдени мәнмәтінін, оның ішінде негізгі оқиғалар мен үрдістерді, сондай-ақ Абайдың қазақ мәдениеті мен қоғамына әсерін біледі. <i>Істей алады:</i> Білім алушы тарихи және мәдени деректерді пайдалана отырып, Абайдың қазақ мәдениеті мен қоғамына әсерін сипаттай және талдай алады. <i>Меңгереді:</i> Білім алушы Абай ілімін сол кездегі басқа философиялық және әдеби ағымдармен салыстыра және салғастыра білуге дағдыланады, ұқсастықтары, айырмашылықтары және өзара ықпалы туралы дәлелді тұжырымдар жасайды.
	4. Білім алушы Абай ілімі пәні бойынша мәтіндерді зерделеу кезінде сыни ойлау және талдамалық тәсіл дағдыларын дамытатын болады. Білім алушы Абай іліміне байланысты тақырыптар бойынша негізделген дәлелдерді тұжырымдай алады және логикалық қорытындылар жасай алады.	<i>Біледі:</i> Білім алушы Абай іліміндегі мәтіндерді меңгертуде қолданылатын сыни тұрғыдан ойлаудың және аналитикалық тәсілдің негізгі қағидаларын біледі. <i>Істей алады:</i> Білім алушы Абай шығармаларының мәтіндерін талдағанда, оның іліміне қатысты негізгі тақырыптар мен мәселелер бойынша қисынды дәлелдер мен логикалық қорытындылар жасағанда сыни тұрғыдан ойлау мен аналитикалық тәсілді қолдана алады. <i>Меңгереді:</i> Білім алушы Абай шығармаларын терең талдау негізінде күрделі дәлелдер мен логикалық қорытындылар құрастыру, оның іліміне қатысты тақырыптарды өз бетінше сыни талдау және дәлелді талқылау қабілетін көрсете білу дағдысына ие болады.
	5. Білім алушы қазіргі заманғы әлеуметтік және мәдени мәселелерді талдау үшін Абайдың философиялық және мәдени идеяларын қолдана алады. Білім алушы өзінің этикалық және моральдық ұстанымын қалыптастыру үшін Абай шығармалары туралы білімді пайдалана алады.	<i>Біледі:</i> Білім алушы Абайдың философиялық және мәдени идеяларын, сондай-ақ оның шығармаларындағы негізгі тақырыптар мен моральдық құндылықтарды біледі. <i>Істей алады:</i> Білім алушы заманауи әлеуметтік және мәдени мәселелерді талдау үшін Абайдың философиялық және мәдени идеяларын қолдана алады, негізделген пікірлер мен ұсыныстар әзірлейді. <i>Меңгереді:</i> Білім алушы Абай шығармалары туралы білімді өзінің этикалық және моральдық ұстанымын қалыптастыру және негіздеу үшін, сондай-ақ қазіргі заманғы әлеуметтік және мәдени шындықтар контекстінде өз көзқарасын негіздеу үшін пайдалану дағдыларын меңгерген.
	6. Білім алушы Абай іліміне байланысты мәселелер бойынша өз ойларын ауызша да, жазбаша да нақты және дәлелді түрде жеткізе алатын болады. Білім алушы тақырыпты терең түсінуді көрсететін зерттеу жұмыстарын, эсселер мен презентациялар жасай алады	<i>Біледі:</i> Білім алушы Абай іліміне байланысты нақты және дәлелді жазбаша және ауызша жұмыстарды жасаудың негізгі талаптары мен стандарттарын біледі. <i>Білім алушы Абайдың іліміне байланысты мәселелер бойынша өз ойларын ауызша да, жазбаша да, зерттеу жұмыстарын, эсселер мен презентациялар жасауды қоса алғанда, нақты және дәлелді түрде жеткізе алады.</i> <i>Меңгереді:</i> Білім алушы өз аргументтері мен қорытындыларын жүйелі және логикалық баяндау қабілетін көрсете отырып,

		тақырыпты терең түсінуді көрсететін сапалы зерттеу жұмыстарын, эсселер мен презентацияларды жасау дағдыларына ие болады.
Пререквизиттер		
Постреквизиттер		
Оқу ресурстары	Әдебиеттер: негізгі, қосымша. 1. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. 1-50-томдар / Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015-2021. 2. Абайтану антологиясы. Он томдық. I-X томдар / Бас редакторы Ж. Түймебаев. Жалпы редакциясын басқарған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. 3. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері. Мақалалар жинағы / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 254 б. 4. Абайтану. Лекциялар (оқу құралы) / Жалпы редакциясын басқ., кіріспе сөзін жазған Ж. Дәдебаев; жауапты ред. Д. Ысқақұлы; құраст. баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 304 б. 5. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Оқу кітабы. «Тілдер және әдебиет» даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру ұйымдарына пайдалануға арналған / жалпы ред. басқ., Ж. Дәдебаев; жауапты ред., алғы сөзін жазған Д. Ысқақұлы; құраст.: Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 168 б. 6. Құнанбаев А. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Бірінші том. Өлеңдер. Поэмалар / құраст., алғы сөзін жазған, жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 242 б. 7. Құнанбаев А. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Екінші том. Қара сөздер. Аудармалар / құраст., алғы сөзін жазған, жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 196 б. 8. Абайтану. Лекциялар (оқу құралы) / Жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев; баспаға дайынд. Л. Мұсалы, Б. Даутова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 304 б. 9. Дәдебаев Ж. Абай ілімі: оқу құралы / Жауапты редакторы. Д. Ысқақұлы; басп. дайын. Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 268 б. 10. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. Монография. – Алматы: Атамұра, 2024. – 320 б. Интернет-ресурстар: 1. https://abainst.kz/?cat=15 Абай институтының бейнелекциялары 2. https://elibrary.kaznu.kz/ru/ эл-Фараби кітапханасы 3. http://kazneb.kz/ Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана 4. Қазақстанның ашық университеті openU.kz 5. https://abainst.kz	

Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЖ, БӨЖ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа <u>«Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі»</u> тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail mj_laila@mail.ru +77075215383 немесе MS Teams-тері https://teams.live.com/join/9439654795252?p=ts6iZenHf8BFgDka бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.
-----------------------------------	--

				МООС интеграциясы (massive openline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.		
БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ						
Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері		
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериялды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.		
A	4,0	95-100	Өте жақсы			
A-	3,67	90-94				
B+	3,33	85-89	Жақсы			
B	3,0	80-84				
B-	2,67	75-79				
C+	2,33	70-74				
C	2,0	65-69				Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64				
D+	1,33	55-59				
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз			
FX	0,5	25-49				
F	0	0-24				
Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.						
Аптасы	Тақырып атауы			Сағат саны	Макс. балл	
МОДУЛЬ 1. Абай ілімі пәні және өзектілігі						
1	Д 1. «Абай ілімі» пәні: мақсаты, міндеттері, пәнді оқудан күтілетін нәтижелер			1	2	
	СС 1. «Абай ілімі» пәні: мақсаты, міндеттері, пәнді оқудан күтілетін нәтижелер			2	8	
2	Д 2. Ілім, білім, ғылым ұғымдары. Абай ілімі туралы түсінік. Абай ілімінің маңызы мен мәні және өзектілігі. Абай ілімінің жүйесі			1	2	
	СС 2. Ілім, білім, ғылым ұғымдары. Абай ілімі туралы түсінік. Абай ілімінің маңызы мен мәні және өзектілігі. (Қ.-Ж. К. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан», «Абай – рухани реформатор» мақалалары негізінде)			2	8	
3	Д 3. Абай іліміндегі адам мен заман сипаты. Тұлға мен оның дәуірі, ортасы. Абай кісілік кодексі. Абай іліміндегі «Толық адам» концепциясы			1	2	
	СС 3. Абай іліміндегі адам мен заман сипаты. «Тотықұс түсті көбелек» өлеңін талдау. Абай кісілік кодексінің тармақтарын талдау			2	8	
	БӨЖ 1. «Абай ілімінің қазіргі замандағы өзектілігі (эссе)			1	5	
	ОБӨЖ 1. Абай кісілік кодексі бойынша (топтық жоба)			1	5	
4	Д 4. Абайдың білім концепциясы және оның жүйесі. Абайдың білім, ғылым туралы жалпы қағидаларының негізінде пайымдалған білім концепциясының жалпы сипаттамасы. Таксономия ұғымы. Абай таксономиясы ұғымы және оның сатылары: Т А Л А П → Қ А Б Ы Л Д А У → Б І Л У → Т Ү С І Н У → Е С Т Е САҚТАУ →ҚОЛДАНУ			1	2	
	СС 4. Абайдың білім концепциясы және оның жүйесі. Абайдың білім коцепциясының жалпы сипаттамасы. Абайдың отыз бірінші және отыз екінші қарасөзін талдау. Таксономия ұғымы туралы түсінік. Абай таксономиясы және оның сатылары			2	8	
5	Д 5. Абай ілімінің бастау көздері жайлы жалпы түсінік: мезгілдік-мекендік шегі			1	2	
	СС 5. Абай ілімінің бастау көздері. Абай ілімі бастау көздерінің аумақтық шегі: а) отандық; ә) дүниежүзілік. Абай ілімі бастау көздерінің мезгілдік шегі: а) біздің заманымызға дейінгі дәуір; ә) біздің заманымыз			2	8	
МОДУЛЬ 2. Абай ілімі және оның бастау көздері						
6	Д 6. Абай ілімі және қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті. Абай және шешендік өнер			1	2	

	СС 6. Абай ілімі және қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті. Абай және билер сөзі	2	8
7	Д 7. Абай ілімі және Шығыс халықтарының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті	1	2
	СС 7. Абай ілімі және Шығыс халықтарының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті	2	8
8	Д 8. Абай ілімі және Батыс халықтарының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті	1	2
	СС 8. Абай ілімі және Батыс халықтарының дәстүрлі дүниетанымы мен мәдениеті. Абай аудармалары	2	8
	БӨЖ 2. Абай поэмаларындағы шығыс сюжеттері (эссе)	1	5
	ӨБӨЖ 2. Әл-Фараби және Абай ілімдеріндегі адам мәселесі (топтық жоба)	1	5
	Аралық бақылау 1.		100
9	Д 9. Абай ілімінің құрамдас бөлімдері	1	2
	СС 9. Абай ілімінің құрамдас бөлімдері: ақыл; қайрат; жүрек	2	8
10	Д 10. Абай іліміндегі ақылдың маңызы мен мәні	1	2
	СС 10. Абай іліміндегі ақылдың маңызы мен мәні. Ақылдың сипаттары. Ақылдың категориялары	2	8
	МОДУЛЬ 3. Абай ілімі және оның құрамдас бөлімдері		
11	Д 11. Абай іліміндегі қайраттың маңызы мен мәні	1	2
	СС 11. Абай іліміндегі қайраттың маңызы мен мәні. Қайраттың сипаттары. Қайраттың категориялары	2	8
12	Д 12. Абай іліміндегі жүректің орны	1	2
	СС 12. Абай іліміндегі жүректің орны. Жүректің сипаттары. Жүректің категориялары	2	8
13	Д 13. Абай іліміндегі адам асық болатын бес асыл іс	1	2
	СС 13. Абай іліміндегі адам асық болатын бес асыл іс. Талап. Еңбек. Терең ой. Қанағат. Рақым. Бес асыл істің сипаттары, өзара байланыстары	2	8
	БӨЖ 3. Абай іліміндегі бес асыл іс. Ж. Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» монографиялық зерттеу еңбегі бойынша (жеке жоба)	1	7
	ӨБӨЖ 3. «Бес асыл іс және қазіргі заман» Ж. Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» монографиялық зерттеу еңбегі бойынша (жеке жоба)	1	7
14	Д 14. Абай іліміндегі адам қашық болатын бес жаман іс	1	2
	СС 14. Абай іліміндегі адам қашық болатын бес жаман іс. Өтірік. Өсек. Мақтаншақ. Еріншек. Бекер мал шашпақ. Бес жаман істің сипаттары, өзара байланыстары	2	8
15	Д 15. Абай іліміндегі өлшем концепциясы	1	2
	СС 15. Абай іліміндегі өлшем концепциясы. Абайдың қырық үшінші қарасөзін талдау	2	8
	БӨЖ 4. Абайдың «Толық адам» ілімі және қазіргі жастар (топтық жоба)	1	8
	ӨБӨЖ 4. Абай іліміндегі «Бес жаман іс» Ж. Дәдебаевтың «Абайдың антропологиясы» монографиялық зерттеу еңбегі бойынша (жеке жоба)	1	8
	Аралық бақылау 2.		100
	Аралық бақылау		100
	Қорытынды бақылау (емтихан)		100
	Пән үшін жиынтығы		100

Декан _____ Жолдасбекова Б.Ө.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша

Академиялық комитетінің төрағасы _____ Аккузова А.А.

Абай ҒЗИ директоры, ф.ғ.д., профессор _____ Дәдебаев Ж.

Дәріскер ф.ғ.к., доцент, профессор м.а. _____ Мұсалы Л.Ж.

Семинар жүргізуші ф.ғ.к., доцент, профессор м.а. _____ Мұсалы Л.Ж.

СУММАТИВТІ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

БӨЖ атауы	Өлшемшарт	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
3. Әл-Фараби және Абай. Реферат	Теориялар мен тұжырымдамаларды түсіну	Әл-Фараби және Абай туралы ғылыми ақпараты жеткілікті.. Әл-Фараби және Абай іліміндегі рухани үндестікті саралай алады.	Әл-Фараби және Абай туралы зерттеулерді барынша қарастырған.	Әл-Фараби және Абай туралы ақпараттармен, зерттеулермен таныс емес.	Әл-Фараби және Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы ешқандай ақпарат берілмеген.
	Негізгі мәселелерді түсіну	Зерттеу тақырыбына сәйкес негізгі мәселелерді орынды саралайды. Әл-Фараби мен Абайдың арасындағы даналық ой-пікір сабақтастығына өзіндік талдау жасайды. Абайдың қара сөздері тақырып, мазмұн жағынан алғанда Әл-Фарабидің ақындық мұрасымен тығыз байланысты екендігін пайымдайды.	Зерттеу тақырыбына сәйкес негізгі мәселелерді саралайды. Әл-Фараби мен Абайдың арасындағы даналық ой-пікір сабақтастығына өзіндік талдау жасайды.	Өзіндік жұмыс тақырыбы бойынша талдауларының мазмұндық және құрылымдық жүйесі сақталынбаған.	Өзіндік жұмыс тақырыбы бойынша ешқандай талдау жасалынбаған.
	Практикалық маңыздылығы	Зерттеу тақырыбы бойынша сауатты зерделеу жасайды. Әл-Фараби және Абай шығармашылықтарындағы рухани үндестік, байланыстарды саралап, оларға бүгінгі көзқарас тұрғысынан пайымдау жасалған. Әбу Насыр әл-Фараби мен Абай пікіріндегі кейбір сабақтастықтардың болмысына назар аударуды ұсынады.	Әл-Фараби және Абай шығармашылықтарындағы рухани үндестік, байланыстарды саралап, оларға бүгінгі көзқарас тұрғысынан пайымдау жасалған.	Әл-Фараби мен Абай дүниетанымындағы кейбір ой-пікірлер сабақтастығына назар аударылмаған.	Әл-Фараби және Абай іліміндегі рухани байланыстың маңыздылығы көрсетілмеген.
	АРА стилі	Талдау-конспектінің мазмұндық-құрылымы нақты	Талдау-конспектіде бір-екі стильдік және техникалық қателер кездеседі. Ой-пікірді	Талдау-конспектіде бірқатар стильдік, грамматикалық қателер	Талдау-конспектінің мазмұндық құрылымы түсініксіз. АРА стилін ұстануда көптеген қателіктер бар.

		және түсінікті. Ой-пікірді жүйелі түрде жеткізуде АРА- стильді қатаң ұстанады.	жүйелі түрде жеткізуде АРА- стильді қатаң ұстанады.	бар. АРА стилін ұстануда қателіктер бар.	
--	--	--	---	--	--

СУММАТИВТІ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

БӨЖ атауы	Өлшемшарт	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
4.Абайдың «Толық адам» ілімі және қазіргі жастар» (топтық жоба)	Теориялар мен тұжырымдамаларды түсіну	Абайдың «Толық адам» формуласын өте жақсы біледі, түсінеді. Талдау жасай алады. Абайдың шығармаларынан адам болудың талап-тілектерін атап көрсетеді. Абай сипаттаған толық адам кім екендігін анықтай алады. Толық адам термині абайтану саласында қай уақыттан бастап ғылыми айналымға түсе бастағанын, ал Абайдың «Толық адам» ілімі оның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алатындығын біледі..	Абайдың «Толық адам» формуласын жақсы біледі, түсінеді. Абайдың шығармаларынан адам болудың талап-тілектерін атап көрсетеді. Абайдың «Толық адам» ілімі оның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алатындығын біледі.	Абайдың «Толық адамы» ақпараты мен түсінігі аз.	Абайдың «толық адам» ілімі бойынша ешқандай түсінік берілмеген.
	Негізгі мәселелерді түсіну	Зерттеу тақырыбы бойынша негізгі мәселелерді өте жақсы саралайды. Абайдың «Толық адам» іліміне жан-жақты талдау жасай отырып зерделейді.	Зерттеу тақырыбы бойынша негізгі мәселелерді аналитикалық тұрғыда жақсы саралайды.	Зерттеу тақырыбы бойынша негізгі мәселелерді баяндап жеткізуде мазмұндық-құрылымдық жүйе жоқ.	Негізгі мәселелер бойынша зерделеу, ғылыми зерттеу жасалынбаған.
	Практикалық маңыздылығы	Зерттеу тақырыбына сай сауатты зерделеу жасайды. Абайдың «Толық адам» формуласы өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының, әсіресе	Абайдың «Толық адам» формуласының қазіргі жастардың білім алу, еңбек ету, тәрбие мәселелеріндегі практикалық мәнін ашып көрсеткен.	Абайдың «Толық адам» ілімінің қазіргі жастар өміріндегі маңызы туралы пайымдауы жоқ.	Абайдың «Толық адам» ілімінің қазіргі жастар өміріндегі маңызы туралы пайымдауы жоқ. Абайдың «Толық адамын» практикалық мәнін көрсете алмаған.

		бүгінгі жастар тәрбиесінде негізгі тұғырға айналуы керектігін атап көрсетеді.			
	АРА стилі	Топтық жұмыс бойынша орындалған презентацияның мазмұндық-құрылымы нақты және түсінікті. Ой-пікірді жүйелі түрде жеткізуде АРА- стильді қатаң ұстанады.	Топтық жұмыс бойынша орындалған презентацияда ой-пікірді жүйелі жеткізуде АРА- стильді қатаң ұстанады.	Топтық жұмыс бойынша орындалған презентацияда бірқатар негізгі қателер бар. АРА стилін ұстануда да қателіктер бар.	Топтық жұмыс бойынша орындалған презентацияның мазмұндық құрылымы түсініксіз. АРА стилін ұстануда көптеген қателіктер бар.
	Таныстырылым, топтық жұмыс	Топтық жұмыс бойынша үздік орындалған презентация. Презентация слайдтары көрнекі безендірілген, өте сапалы материалдарды қолданған.	Топтық жұмыс бойынша орындалған презентацияның деңгейі жақсы, презентация слайдтары сапалы безендірілген.	Топтық жұмыс бойынша орындалған презентацияның деңгейі қанағаттанарлық.	Топтық жұмыс бойынша орындалған презентацияның материалдары сапасыз, деңгейі төмен.